



**МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ
ЖӨНІНДЕГІ ОҚРУГТІК САЙЛАУ
КОМИССИЯСЫНЫҢ МҮШЕСІНЕ
ЖАДНАМА**

**ПАМЯТКА
ЧЛЕНУ ОКРУЖНОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ
КОМИССИИ ПО ВЫБОРАМ
ДЕПУТАТОВ МАСЛИХАТОВ**

Астана 2007

МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ МҮШЕСІНЕ ЖАДНАМА

Мәслихаттар депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссиялары (бұдан әрі – округтік сайлау комиссиялары) сайлау округтерінде мәслихаттар депутаттарының сайлауын ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етеді.

Округтік сайлау комиссияларының мәртебесі мен өкілеттіктері «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен (бұдан әрі – Сайлау туралы заң) айқындалады.

Округтік сайлау комиссияларын құру тәртібі, оның мүшелеріне қойылатын талаптар Сайлау туралы заңның Жалпы бөлімінің 2-тарауында айқындалады.

Округтік сайлау комиссияларының құрамы сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен кешіктірілмей, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады (Сайлау туралы заңның 15-бабы 3-т.).

Округтік сайлау комиссиясының өкілеттіктері

Округтік сайлау комиссиялары Сайлау туралы заңға қатаң сәйкес түрде қызмет етеді.

Округтік сайлау комиссиясы:

- 1) тиісті сайлау округінің аумағында сайлау туралы заңдардың атқарылуын бақылауды жүзеге асырады;
- 2) мәслихаттар депутаттарын сайлаудың өткізілуін ұйымдастырады;
- 3) учаскелік сайлау комиссияларының қызметін ұйымдастырып, үйлестіріп отырады; олардың шешімдерінің күшін жояды және тоқтата тұрады; учаскелік сайлау комиссияларының қызметіне қажетті материалдық-техникалық жағдай жасалуын бақылайды; учаскелік сайлау комиссияларының шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) түскен арыздар мен шағымдарды қарайды, Сайлау туралы заңның бұзылғаны анықталған кезде сайлау комиссиясының қызметін тоқтату туралы өтінішпен сайлау комиссиясын құратын органға немесе сотқа жүгінеді;

- 4) мәслихаттардың депутаттығына ұсынылған кандидаттарды, олардың сенім білдірілген адамдарын тіркейді, оларға тиісті куәліктер береді, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында кандидаттарды тіркеу туралы хабар жариялайды;
- 5) сайлаушылар тізімдерінің уақтылы әрі дұрыс жасалып, барша жұрттың танысуына ұсынылуын бақылайды;
- 6) учаскелік сайлау комиссияларын сайлау бюллетеньдерімен қамтамасыз етеді;
- 7) сайлауды әзірлеу мен өткізуге байланысты мәселелер бойынша учаскелік сайлау комиссияларының және округтің аумағында орналасқан мемлекеттік органдар мен ұйымдардың есептерін, сондай-ақ сайлау туралы заңдардың сақталуы мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктер органдарының хабарламасын тындауға хақылы;
- 8) учаскелік сайлау комиссияларынан дауыс берудің нәтижелері туралы хаттамаларды алады, солардың негізінде округ бойынша сайлау нәтижелерін анықтайды, бұл туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабар жариялайды;
- 9) қайта сайлау және мәслихаттардың шығып қалған депутаттарының орнына сайлау өткізеді;
- 10) Республика заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Мемлекеттік органдар, ұйымдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ олардың лауазымды адамдары сайлау комиссияларына өз өкілеттерін жүзеге асыруға көмек көрсетуге, оларға қажетті мәліметтер мен материалдар беруге, сайлау комиссияларының өтінішіне үш күн мерзім ішінде, ал сайлау күні және оның қарсаңындағы күні дереу жауап қайтаруға міндетті (20-бап).

Округтік сайлау комиссиясының отырыстары

Сайлау комиссияларының қызметі алқалы, жариялы және ашық түрде жүзеге асырылады.

Сайлау науқанын әзірлеу мен өткізу кезеңінде комиссиялардың отырыстары кемінде екі аптада бір рет өткізіледі. Өзге уақытта комиссиялар өздерінің отырыстарын қажетіне қарай комиссия төрағасының немесе мүшелерінің кемінде үштен бірінің бастамашылығымен өткізіп тұрады.

Егер комиссия мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан болса, сайлау комиссияларының отырыстары құқықты болады.

Комиссиялардың шешімдері, Сайлау туралы заң белгілеген жағдайлардан басқа кезде, олардың мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Сайлау комиссиясының оның шешімімен келіспейтін мүшелері ерекше пікірін айтуға құқылы, ол дереу жоғары тұрған сайлау комиссиясының назарына жеткізіледі және жазбаша түрде комиссия отырысының хаттамасына тіркеледі.

Сайлау комиссиясының отырыстарына кандидаттар, сенім білдірілген адамдар, байқаушылар, қызметтік куәлігі мен редакцияның тапсырмасы болған кезде бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатыса алады.

Депутаттыққа кандидаттар тиісті сайлау комиссияларының отырыстары және күн тәртібі туралы алдын ала хабардар етіледі.

Сенім білдірілген адамдардың, байқаушылардың, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің Сайлау туралы заңмен берілген құқығын ешкім шектей алмайды.

Байқаушының өкілеттігі, оның тегі, аты, әкесінің аты, сайлау учаскесінің нөмірі (сайлау комиссиясының атауы), сайлау болатын күн көрсетіліп, жазбаша нысанда куәландырылуға тиіс. Ол құжат оны берген ұйымның мөрімен расталады және ол байқаушының жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жарамды болады.

Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары, сондай-ақ шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұсынуы бойынша Орталық сайлау комиссиясының жанында тіркеледі. Тіркелген шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушыларына, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне Ортсайлауком белгіленген үлгідегі куәлік береді.

Сайлау шараларын сайлау комиссияларының қаржыландыруы

Мәслихаттар депутаттарын сайлау кезіндегі сайлау іс-шараларын қаржыландыруды Ортсайлауком жергілікті атқарушы органдардың осы мақсаттар үшін ашылатын есепшоттары арқылы жүзеге асырады.

Сайлау комиссияларының төрағалары ақшалай қаражатқа иелік етеді және қаржы құжаттарының сайлау комиссияларының қаржы мәселелері жөніндегі шешімдеріне сай келуі үшін жауап береді (35-бап).

Мәслихаттар депутаттығына кандидаттар ұсыну

Мәслихат депутаттығына кандидаттарды ұсыну мерзімдері Сайлау туралы заңның ережелеріне сәйкес айқындалады.

Мәслихаттар депутаттығына кандидаттар ұсынуды белгіленген тәртіп бойынша тіркелген республикалық немесе жергілікті қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ олардың құрылымдық бөлімшелері және өзін-өзі ұсыну жолымен азаматтар жүзеге асырады.

Республикалық немесе жергілікті қоғамдық бірлестіктердің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің мәслихат депутаттығына кандидаттар ұсынуын, әрбір кандидат дауысқа түсетін сайлау округін көрсете отырып, олардың жоғары органдары жүргізеді. Қоғамдық бірлестіктің осы қоғамдық бірлестіктің мүшесі болып табылмайтын адамдарды депутаттыққа кандидат етіп ұсынуға құқығы жоқ. Қоғамдық бірлестік не оның құрылымдық бөлімшесі әрбір сайлау округінде мәслихат депутаттығына бір ғана кандидат ұсына алады. Мәслихат депутаттығына кандидаттар ұсыну туралы шешім республикалық немесе жергілікті қоғамдық бірлестіктің, оның құрылымдық бөлімшесінің жоғары органы мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады және хаттамадан үзінді көшірмемен ресімделеді.

Қоғамдық бірлестіктің жоғары органының шешімі:

- 1) ұсынылған кандидаттың назарына жеткізіледі;
- 2) кандидаттың дауысқа түсуге келісімі туралы өтінішімен бірге тиісті округтік сайлау комиссиясына жіберіледі.

Азаматтардың мәслихат депутаттығына кандидаттар ұсынуы өзін-өзі ұсыну тәртібімен тиісті округтік сайлау комиссиясына осы аумақтық сайлау округі бойынша мәслихат депутаттығына кандидат болып дауысқа түсу ниеті туралы өтініш беру жолымен жүргізіледі (103-бап 2, 3, 4-т.т.).

Ешкім біреуден артық сайлау округінде кандидат болып ұсыныла алмайды (103-бап 5-т.).

Округтік сайлау комиссиясы үш күн ішінде кандидаттың Конституция мен Сайлау туралы заңда өзіне қойылған талаптарға сәйкестігін анықтайды (103-бап 8-т.).

Мәслихаттар депутаттығына кандидаттар тіркеу

Мәслихат депутаттығына кандидаттарды тіркеу мерзімдері Сайлау туралы заңның ережелеріне сәйкес айқындалады.

Мәслихат депутаты болып сайлану үшін азамат Конституцияның 86-бабының 3-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келуге, сондай-ақ Конституцияның 33-бабының 2- және 3-тармақтарына және Сайлау туралы заңға сай сайлау құқығы болуға тиіс.

Сотталғандығы заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алып тасталмаған адам мәслихат депутаттығына кандидат бола алмайды (4-бап 4-т.).

Мәслихат депутаттығына кандидаттарды тіркеу Сайлау туралы заңның 104-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Дауыс беретін күнге екі күн қалғанда, кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға немесе бұған дейін тіркеуден шығарылған кандидатты қалпына келтіруге жол берілмейді. (104-бап 6-т.).

Кандидатты тіркеуден бас тартуға немесе тіркеу туралы шешім күшінің жойылуына қоғамдық бірлестік немесе кандидаттың өзі аумақтық сайлау комиссиясына немесе сотқа жеті күн мерзім ішінде шағым бере алады. Бұл ретте аумақтық сайлау комиссиясы немесе сот шағым берілген күннен бастап жеті күн мерзім ішінде шешім шығарады (104-бап 7-т.).

Егер кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған күні тиісті сайлау округі бойынша мәслихат депутаттығына екіден кем кандидат тіркелген жағдайда, аумақтық сайлау комиссиясы тиісті округтік сайлау комиссиясының ұсынуы бойынша кандидаттар ұсыну мерзімін жиырма күннен аспайтын мерзімге ұзартады (103-бап 7-т.).

Сайлау алдындағы үгіт

Сайлау алдындағы үгіт кандидаттар тіркелген мерзімі аяқталған кезден басталып, сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады (27-бап 2-т.).

Сайлау болатын күні және оның қарсаңындағы күні кез келген үгітке тыйым салынады (32-бап 1-т.).

Сайлау алдындағы үгіт - сайлаушылардың белгілі бір кандидатты, саяси партияны жақтап немесе қарсы дауыс беруге қатысуына түрткі болу мақсатындағы қызмет.

Шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың кандидаттарды, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларды ұсынуға және сайлауға, сайлауда белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге кедергі болатын және (немесе) демеп жіберетін қызметті жүзеге асыруына тыйым салынады (27-бап 1-т.).

Сайлау алдындағы үгіт:

- 1) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы;
- 2) сайлау алдындағы жария іс-шараларды (сайлау алдындағы жиналыстарды және сайлаушылармен кездесулерді, сайлау алдындағы жария пікір таластар мен пікір алысуларды, митингілерді, шерулерді, демонстрацияларды және заңнамада белгіленген тәртіппен және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңда тыйым салынбаған өзге де сайлау алдындағы іс-шараларды), сондай-ақ кандидаттардың және олардың сенім

білдірген адамдарының сайлаушылармен жеке кездесулерін өткізу жолымен;

- 3) баспа, дыбыс-бейне және өзге де үгіт материалдарын шығару және (немесе) тарату жолымен жүзеге асырылады (27-бап 3-т.).

Мыналарға:

- 1) мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, сондай-ақ қызметтік міндеттерін орындау кезінде олардың лауазымды адамдарына;
- 2) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілеріне, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьяларға;
- 3) сайлау комиссияларының мүшелеріне;
- 4) діни бірлестіктерге сайлау алдындағы үгітті жүргізуге, кез келген сайлау алдындағы үгіт материалдарын таратуға тыйым салынады (27-бап 4-т.).

Кандидаттар не олардың сенім білдірген адамдары болып тіркелген журналистердің, бұқаралық ақпарат құралдары редакциялары лауазымды адамдарының сайлауды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көрсетуге қатысуына құқығы жоқ (27-бап 6-т.).

Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары болып табылатын кандидаттарға өзінің лауазымдық немесе қызмет жағдайының артықшылықтарын пайдалануға тыйым салынады.

Сайлау туралы заңда мыналар:

- 1) бағынышты немесе басқа да қызмет жағынан тәуелді адамдарды, аталған адамдар кандидаттың сенім білдірген адамдары ретінде үгітті жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, сайлау алдындағы үгіт жүргізуге тарту;
- 2) кандидаттың сайлануына септігін тигізетін қызметті жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдар орналасқан үй-жайларды пайдалану, егер өзге кандидаттарға аталған үй-жайларды осындай шарттармен пайдалануға кепілдік берілмесе, лауазымдық немесе қызмет жағдайының артықшылықтарын пайдалану деп ұғынылады (27-бап 5-т.).

Сайлау комиссияларының өтінімі бойынша жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдары кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жай береді. Сайлау комиссиялары бөлінген үй-жайда кандидаттардың сайлаушылармен кездесуінің кестесін жасайды және оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды. Үй-жай беру шарты барлық кандидаттар үшін бірдей болуға тиіс (28-бап 4-т.).

Тиісті сайлау комиссиялары кандидаттарға плакаттар, листовкалар, ұрандар мен өзге де үгіттік баспа материалдарын басып шығару үшін

бірдей мөлшерде ақша бөледі. Барлық үгіттік баспа материалдарында сол материалдарды шығарған ұйым, олар басылған жері мен таралымы, тапсырыс жасаған тұлғалар, қандай қаражаттан төленгендігі туралы мәліметтер болуға тиіс. Үгіттік баспа материалдарын Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерде дайындауға, анонимдік үгіт материалдарын таратуға тыйым салынады (28-бап 5-т.).

Жергілікті атқарушы органдар тиісті сайлау комиссияларымен бірлесіп барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орын белгілейді және оларды стендтермен, тақталармен, тұғырлықтармен жаратқандырады. Үгіттік баспа материалдары барлық кандидаттар үшін тең құқықтар қамтамасыз ететін жағдайда орналастырылады (28-бап 6-т.).

Сайлау комиссиясының үй-жайы мен дауыс беруге арналған үй-жайда кандидаттың фотосуретімен және Орталық сайлау комиссиясы белгілеген мәліметтердің стандартты жиынтығымен, бір нысанда кандидаттар туралы ақпарат орналастырылады (28-бап 6-т.).

Депутаттыққа кандидаттар өздерінің болашақ қызметінің сайлау алдындағы бағдарламасын баяндайды. Сайлау алдындағы бағдарламада Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгерту, оның тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыру, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұру, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерлендірілген құралымдар құру идеялары уағыздалмауға тиіс.

Аталған талаптар бұзылған жағдайда тиісті сайлау комиссиясы кандидатты тіркеуден бас тартуға, ал кандидат мұндай сайлау алдындағы бағдарламаны тіркелгеннен кейін ұсынған жағдайда кандидатты немесе партиялық тізімді тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға құқылы (29-бап).

Сайлау комиссияларының үй-жайларынан және дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс жерлерде бұрыннан ілулі тұрған баспа үгіт материалдарын сол орындарында қалдыруға болады (32-бап 2-т.).

Сайлау күні дауыс берілетін үй-жайда қоғамдық пікірге сұрау салуға тыйым салынады (28-бап 9-т.).

Кандидатурасын алып тастау, мәслихат депутаттығына кандидат етіп ұсыну туралы шешімнің күшін жою

Мәслихат депутаттығына кандидат тіркелген күннен бастап және дауыс беруге екі күн қалғанға дейінгі кезеңде округтік сайлау комиссиясына бұл туралы жазбаша өтініш бере отырып, өз кандидатурасын қайтып ала алады.

Республикалық немесе жергілікті қоғамдық бірлестіктің, қоғамдық бірлестіктің құрылымдық бөлімшесінің жоғары органы тіркеуге дейінгі

және одан кейінгі уақытта округтік сайлау комиссиясына тиісті ұсыныс беріп, мәслихат депутаттығына кандидат ұсыну туралы шешімнің күшін жоя алады.

Мұндай жағдайларда округтік сайлау комиссиясы кандидатты тіркемейді немесе кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

Егер кандидатурасын алу немесе кандидатты ұсыну туралы шешімнің күшін жою осыған мәжбүр ететін себептерсіз жүргізілген болса, онда округтік сайлау комиссиясы сайлау науқанын өткізуге республикалық бюджеттен жұмсалған қаражаттың бір бөлігін кандидаттың немесе оны ұсынған тиісті қоғамдық бірлестіктің есебіне жатқызуға хақылы (105-бап).

Тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін шығып қалғандардың орнына мәслихаттар депутаттығына кандидаттар ұсыну

Тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін кандидаттардың шығып қалуы нәтижесінде тиісті сайлау округі бойынша мәслихат депутаттығына екіден кем кандидат қалған жағдайда, аумақтық сайлау комиссиясы тиісті округтік сайлау комиссиясының ұсынуы бойынша өз шешімімен сайлау мерзімін ұзартады, бірақ ол екі айдан аспауға тиіс. Мұндай жағдайда мәслихат депутаттығына кандидаттар ұсыну Сайлау туралы заңда белгіленген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады (107-бап).

Дауыс беру қорытындыларын анықтау

Сайлау округі бойынша сайлау нәтижелері округтік сайлау комиссиясының отырысында анықталады, ол отырыс орны мен уақыты туралы мәліметтер бұқаралық ақпарат құралдарында жариялана отырып, округтік сайлау комиссиясы дауыс берілетін күннен кемінде он күн бұрын айқындаған сайлау учаскелерінің бірінде өткізіледі. Нәтижелер осы учаскеге жеткізілетін учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде анықталады. Хаттама жасалып, оған округтік сайлау комиссиясының төрағасы мен хатшысы қол қояды және ол сайлау өткізілген күннен бастап екі күннен кешіктірілмей тиісті аумақтық сайлау комиссиясына жіберіледі.

Сайлау округі бойынша сайлау нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесі жалпыжұрттың танысуы үшін сайлау учаскесінің үй-жайында ілінеді және үй-жайда үш күн бойы тұрады. (43-бап 8-1-т.).

Сайлау туралы заңға сәйкес, дауыстарды санау кезінде қатысқан адамның тілегі бойынша оған комиссия төрағасы мен хатшысының қолдары қойылып, сайлау комиссиясының мөрімен куәландырылған хаттаманың көшірмесі беріледі (43-бап 8-1-т.).

Округтік сайлау комиссиясы дауыс беру күнінен бастап бес күннен кешіктірмей сайлау учаскелеріндегі дауыстарды санаудың нәтижелері туралы алдын ала жиынтық тізімдеме жасайды және оны жалпы жұрттың танысуы үшін өз отырысы өткен сайлау учаскесінің үй-жайында іледі. (43-бап 8-2-т.).

Ресми жиынтық тізімдеме учаскелік сайлау комиссияларының дауыстарды санаудың нәтижелері туралы алынған хаттамаларының негізінде жасалады, оған округтік сайлау комиссиясының төрағасы мен хатшысы қол қояды және ол жалпы жұрттың танысуы үшін ілінеді (43-бап 8-2-т.).

Мәслихаттар депутаттарын сайлау қорытындылары туралы хабарды тиісті сайлау комиссиялары сайлау өткізілген күннен бастап жеті күннен кешіктірмей жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

Тиісті округтік сайлау комиссиясының хабарламасында: сайлаушылар тізімдеріне енгізілген және дауыс беруге қатысқан азаматтардың жалпы саны; сайлау учаскелері бойынша жарамсыз деп танылған бюллетеньдер саны; әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны; мәслихаттардың сайланған депутаттары, олардың тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, атқаратын лауазымы (жұмысы), тұрғылықты жері, сондай-ақ кандидаттың қалауына қарай оның саяси партияға қатыстылығы, қай ұлтқа жататыны туралы мәліметтер көрсетіледі (44-бап 4, 5-т.).

Дауыс беруге қатысқан сайлаушылар басқа кандидаттарға қарағанда көп дауыс берген кандидат мәслихаттың сайланған депутаты болып есептеледі (111-бап 2-т.).

Мәслихаттар депутаттарын қайта сайлау

Қайта сайлау бастапқы сайлаудан кейін екі ай мерзімнен кешіктірілмей өткізіледі. Қайта сайлауда жүзеге асыру көзделген сайлау шаралары Сайлау туралы заңда белгіленген ережелерге сәйкес жүргізіледі. Бұл ретте сайлау шараларының қысқартылған мерзімін аумақтық сайлау комиссиясы белгілейді.

Қайта сайлау өткізу туралы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында хабарланады (110-бап 2, 3-т.).

Сайлау комиссияларының шешімдеріне шағым жасау

Егер Сайлау туралы заңда шағым берудің өзге мерзімдері белгіленбесе, сайлау комиссиясының шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шешім қабылданған немесе іс-әрекет (әрекетсіздік) жасалған күннен бастап он күн ішінде жоғары тұрған сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым берілуі мүмкін. Көрсетілген мерзімдер өткеннен соң

сайлау комиссиясының шешіміне немесе іс-әрекеттеріне берілген арыздар қарауға жатпайды. Жоғары тұрған сайлау комиссиясына алдын ала жүгіну сотқа жүгінудің міндетті шарты болып табылмайды.

Өтініштер сайлау комиссиясы мен сотта бір мезгілде қаралған кезде, сайлау комиссиясы сот шешімі күшіне енгенге дейін өтінішті қарауды тоқтата тұрады. Сот түскен өтініш туралы және оны қарау нәтижелері бойынша сот шешімінің заңды күшіне енгені жөнінде сайлау комиссиясын хабардар етеді.

Азаматтар мен ұйымдардың сайлау заңнамасын бұзушылықтар туралы өтініштерін, егер Сайлау туралы заңда өзгеше көзделмесе, сайлау комиссиялары шағым түскен күннен бастап бес күннің ішінде қарайды.

Сайлау комиссиясының және оның мүшелерінің шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жасалған шағымды, егер Сайлау туралы заңда өзгеше көзделмесе, жоғары тұрған комиссия шағым түскен күннен бастап үш күннің ішінде қарайды (49-бап).

Кандидатты тіркеуден бас тартуға немесе тіркеу туралы шешім күшінің жойылуына аумақтық сайлау комиссиясына немесе сотқа жеті күн мерзім ішінде шағым беруге болады. Бұл ретте аумақтық сайлау комиссиясы немесе сот шағым берілген күннен бастап жеті күн мерзім ішінде шешім шығарады (104-бап 7-т.).

Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

Сайлау заңдарының ережелерін бұзғаны үшін сайлау комиссиясының мүшесі қылмыстық, әкімшілік және өзге де жауаптылықта болады (50-бап)¹.

***Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясы***

¹ Жаднамада «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының ережелері, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының қаулылары пайдаланылды.

ПАМЯТКА ЧЛЕНУ ОКРУЖНОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ ПО ВЫБОРАМ ДЕПУТАТОВ МАСЛИХАТОВ

Окружные избирательные комиссии по выборам депутатов маслихатов (далее - окружные избирательные комиссии) обеспечивают организацию и проведение выборов депутатов маслихатов в избирательных округах.

Статус и полномочия окружных избирательных комиссий определяются Конституционным законом Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» (далее – Закон о выборах).

Порядок формирования окружных избирательных комиссий, требования к ее членам определяются в Главе 2 Общей части Закона о выборах.

Состав окружных избирательных комиссий публикуется в средствах массовой информации не позднее чем через 10 дней после назначения выборов (п. 3 ст. 15 Закона о выборах).

Полномочия окружной избирательной комиссии

Окружные избирательные комиссии действуют строго в соответствии с Законом о выборах.

Окружная избирательная комиссия:

- 1) осуществляет на территории соответствующего избирательного округа контроль за исполнением законодательства о выборах;
- 2) организует проведение выборов депутатов маслихатов;
- 3) организует и координирует деятельность участковых избирательных комиссий; отменяет и приостанавливает их решения; контролирует создание необходимых материально-технических условий для деятельности участковых избирательных комиссий; рассматривает заявления и жалобы на решения и действия (бездействие) участковых избирательных комиссий; при выявлении нарушений Закона о выборах обращается в орган, образующий избирательную комиссию, или суд с заявлением о прекращении деятельности избирательной комиссии;
- 4) регистрирует выдвинутых кандидатов в депутаты маслихатов, их доверенных лиц, выдает им соответствующие удостоверения,

- публикует в местных средствах массовой информации сообщения о регистрации кандидатов;
- 5) контролирует своевременность и правильность составления списков избирателей и представления их для всеобщего ознакомления;
 - 6) обеспечивает снабжение избирательными бюллетенями участковых избирательных комиссий;
 - 7) вправе заслушивать отчеты участковых избирательных комиссий и расположенных на территории округа государственных органов и организаций по вопросам, связанным с подготовкой и проведением выборов, а также информации органов общественных объединений по вопросам соблюдения законодательства о выборах;
 - 8) получает от участковых комиссий протоколы о результатах голосования, устанавливает на их основе результаты выборов по округу, публикует сообщение об этом в средствах массовой информации;
 - 9) проводит повторные выборы и выборы вместо выбывших депутатов маслихатов;
 - 10) осуществляет другие полномочия в соответствии с законодательством Республики.

Государственные органы, организации, органы местного самоуправления, а также их должностные лица обязаны оказывать содействие избирательным комиссиям в осуществлении их полномочий, предоставлять им необходимые сведения и материалы, давать ответы на обращения избирательных комиссий в трехдневный срок, а в день выборов и предшествующий ему день – немедленно (ст. 20).

Заседания окружной избирательной комиссии

Деятельность избирательных комиссий осуществляется на основе коллегиальности, гласности и открытости.

В период подготовки и проведения избирательной кампании заседания комиссий проводятся не реже одного раза в две недели. В иное время свои заседания комиссии проводят по мере необходимости по инициативе председателя или не менее одной трети членов комиссии.

Заседания избирательных комиссий правомочны, если в них принимает участие не менее двух третей от общего числа членов комиссии.

Решения комиссий принимаются открытым голосованием большинством голосов от общего числа их членов, кроме иных случаев, установленных Законом о выборах. Члены избирательной комиссии, не согласные с ее решением, вправе высказать особое мнение, которое незамедлительно доводится до сведения вышестоящей избирательной

комиссии и в письменной форме прилагается к протоколу заседания комиссии.

На заседаниях избирательной комиссии могут присутствовать кандидаты, доверенные лица, наблюдатели, представители средств массовой информации при наличии служебного удостоверения и задания редакции.

Кандидаты в депутаты заблаговременно извещаются о заседаниях соответствующих избирательных комиссий и повестке дня.

Никто не может ограничить предоставленные Законом о выборах права доверенных лиц, наблюдателей, представителей средств массовой информации.

Полномочия наблюдателя должны быть удостоверены в письменной форме с указанием его фамилии, имени, отчества, номера избирательного участка (наименования избирательной комиссии), даты выборов. Данный документ заверяется печатью организации, его выдавшей, и действителен при предъявлении документа, удостоверяющего личность наблюдателя.

Наблюдатели иностранных государств и международных организаций, а также представители иностранных средств массовой информации аккредитуются при Центризбиркоме по представлению Министерства иностранных дел Республики Казахстан. Аккредитованным наблюдателям иностранных государств и международных организаций, представителям иностранных средств массовой информации Центризбиркомом выдаются удостоверения установленного образца.

Финансирование избирательных мероприятий избирательными комиссиями

Финансирование избирательных мероприятий при выборах депутатов маслихатов осуществляется Центризбиркомом через счета местных исполнительных органов, открываемые для этих целей.

Председатели избирательных комиссий распоряжаются денежными средствами и несут ответственность за соответствие финансовых документов решениям избирательных комиссий по финансовым вопросам (ст. 35).

Выдвижение кандидатов в депутаты маслихатов

Сроки выдвижения кандидатов в депутаты маслихата определяются в соответствии с положениями Закона о выборах.

Выдвижение кандидатов в депутаты маслихатов производится республиканскими или местными общественными объединениями, зарегистрированными в установленном порядке, а также их структурными подразделениями и гражданами - путем самовыдвижения.

Выдвижение кандидатов в депутаты маслихата республиканскими или местными общественными объединениями, их структурными подразделениями производится их высшими органами с указанием избирательного округа, в котором будет баллотироваться каждый кандидат. Общественные объединения не вправе выдвигать кандидатами в депутаты лиц, не являющихся членами данного общественного объединения. Общественное объединение либо его структурное подразделение может выдвигать в каждом избирательном округе только одного кандидата в депутаты маслихата. Решение о выдвижении кандидатов в депутаты маслихатов принимается большинством голосов от общего числа членов высшего органа республиканского или местного общественного объединения, его структурного подразделения и оформляется выпиской из протокола.

Решение высшего органа общественного объединения:

- 1) доводится до сведения выдвинутого кандидата;
- 2) вместе с заявлением кандидата о согласии баллотироваться направляется в соответствующую окружную избирательную комиссию.

Выдвижение кандидатов в депутаты маслихата гражданами производится в порядке самовыдвижения путем подачи в соответствующую окружную избирательную комиссию заявления о намерении баллотироваться кандидатом в депутаты маслихата по данному территориальному избирательному округу (п. 2, 3, 4 ст. 103).

Никто не может быть выдвинут кандидатом более чем в одном избирательном округе (п. 5 ст. 103).

Окружная избирательная комиссия в течение трех дней устанавливает соответствие кандидата предъявляемым к нему Конституцией и Законом о выборах требованиям (п. 8 ст. 103).

Регистрация кандидатов в депутаты маслихата

Сроки регистрации кандидатов в депутаты маслихата определяются в соответствии с положениями Закона о выборах.

Для избрания депутатом маслихата гражданин должен удовлетворять требованиям, установленным пунктом 3 статьи 86 Конституции, а также обладать избирательным правом в соответствии с пунктами 2 и 3 статьи 33 Конституции и Законом о выборах.

Не подлежит регистрации в качестве кандидата в депутаты маслихата лицо, имеющее судимость, которая ко времени регистрации не погашена или не снята в установленном законом порядке (п. 4 ст. 4).

Регистрация кандидатов в депутаты маслихата осуществляется в соответствии со статьей 104 Закона о выборах.

Отмена решения о регистрации кандидата или восстановление ранее снятого с регистрации кандидата за два дня до дня голосования не допускается (п. 6 ст. 104).

Отказ в регистрации кандидата или отмена решения о регистрации могут быть в семидневный срок обжалованы общественным объединением или самим кандидатом в территориальную избирательную комиссию или в суд. При этом территориальная избирательная комиссия или суд выносят по жалобе решение в семидневный срок со дня подачи жалобы (п. 7 ст. 104).

В случае если на день окончания срока регистрации кандидатов по соответствующему избирательному округу зарегистрировано менее двух кандидатов в депутаты маслихата, территориальная избирательная комиссия по представлению соответствующей окружной избирательной комиссии продлевает срок выдвижения кандидатов не более чем на двадцать дней (п. 7 ст. 103).

Предвыборная агитация

Предвыборная агитация начинается с момента окончания срока регистрации кандидатов и заканчивается в ноль часов по местному времени дня, предшествующего дню выборов (п. 2 ст. 27).

В день выборов и предшествующий ему день любая предвыборная агитация запрещается (п. 1 ст. 32).

Предвыборная агитация - деятельность, имеющая целью побудить избирателей принять участие в голосовании за или против того или иного кандидата.

Иностранцам, лицам без гражданства, иностранным юридическим лицам и международным организациям запрещается осуществлять деятельность, препятствующую и (или) способствующую выдвижению и избранию кандидатов, достижению определенного результата на выборах (п. 1 ст. 27).

Предвыборная агитация осуществляется:

- 1) через средства массовой информации;
- 2) путем проведения публичных предвыборных мероприятий (предвыборных собраний и встреч с избирателями, публичных предвыборных дебатов и дискуссий, митингов, шествий, демонстраций и иных предвыборных мероприятий в порядке, установленном законодательством, и не запрещенных Конституционным законом «О выборах в Республике Казахстан», а также личных встреч кандидатов и их доверенных лиц с избирателями;

- 3) путем выпуска и (или) распространения печатных, аудиовизуальных и иных агитационных материалов (п. 3 ст. 27).

Запрещается проводить предвыборную агитацию, распространять любые агитационные предвыборные материалы:

- 1) государственным органам, органам местного самоуправления, а также их должностным лицам при исполнении служебных обязанностей;
- 2) военнослужащим Вооруженных Сил, других войск и воинских формирований, работникам органов национальной безопасности, правоохранительных органов и судьям;
- 3) членам избирательных комиссий;
- 4) религиозным объединениям (п. 4 ст. 27).

Журналисты, должностные лица редакций средств массовой информации, зарегистрированные кандидатами либо их доверенными лицами, не вправе участвовать в освещении выборов через средства массовой информации (п. 6 ст. 27).

Кандидатам в депутаты маслихатов, являющимся должностными лицами государственных органов, запрещается использовать преимущества своего должностного или служебного положения.

Под использованием преимуществ должностного или служебного положения понимается:

- 1) привлечение лиц, находящихся в подчинении или в другой служебной зависимости, к осуществлению предвыборной агитации, за исключением случаев, когда указанные лица осуществляют агитацию в качестве доверенных лиц кандидата;
- 2) использование помещений, занимаемых государственными органами, для осуществления деятельности, способствующей избранию кандидата, если иным кандидатам не гарантировано использование указанных помещений на таких же условиях (п. 5 ст. 27).

По заявке избирательных комиссий органы местного государственного управления и самоуправления предоставляют кандидатам на договорной основе помещения для встреч с избирателями. Избирательные комиссии составляют график встреч кандидатов с избирателями в выделенном помещении и публикуют его в средствах массовой информации. Условия предоставления помещения должны быть едиными для всех кандидатов (п. 4 ст. 28).

Для издания плакатов, листовок, лозунгов и иных агитационных печатных материалов соответствующие избирательные комиссии выделяют кандидатам, равную сумму денег. Все агитационные печатные материалы должны содержать сведения об организации, выпустившей данные материалы, месте их печатания и тираже, лицах, сделавших заказ, из каких средств

оплачено. Запрещаются изготовление агитационных печатных материалов за пределами территории Республики Казахстан, распространение анонимных агитационных материалов (п. 5 ст. 28).

Местные исполнительные органы совместно с соответствующими избирательными комиссиями определяют места для размещения агитационных печатных материалов для всех кандидатов и оснащают их стендами, щитами, тумбами. Агитационные печатные материалы размещаются на условиях, обеспечивающих равные права для всех кандидатов (п. 6 ст. 28).

В помещении избирательной комиссии и помещении для голосования размещается информация о кандидатах в едином формате с фотографией кандидата и стандартным набором сведений, установленных Центризбиркомом (п. 6 ст. 28).

Кандидаты в депутаты выступают с предвыборной Программой своей будущей деятельности. Предвыборная программа не должна провозглашать идеи насильственного изменения конституционного строя, нарушения целостности Республики, подрыва безопасности государства, разжигания социальной, расовой, национальной, религиозной, сословной и родовой розни, культ жестокости и насилия, а также создание не предусмотренных законодательством военизированных формирований.

В случае нарушения названных требований соответствующая избирательная комиссия вправе отказать кандидату в регистрации, а в случае выдвижения кандидатом такой предвыборной программы после регистрации - отменить решение о регистрации кандидата (ст. 29).

Печатные агитационные материалы, ранее вывешенные вне помещений избирательных комиссий и помещений для голосования, могут сохраняться на прежних местах (п. 2 ст. 32).

Запрещается проводить опрос общественного мнения в день выборов в помещении для голосования (п. 9 ст. 28).

Снятие кандидатуры, отмена решения о выдвижении кандидатом в депутаты маслихата

Кандидат в депутаты маслихата в период со дня регистрации и за два дня до голосования может снять свою кандидатуру, обратившись с письменным заявлением об этом в окружную избирательную комиссию.

Высший орган республиканского или местного общественного объединения, структурного подразделения общественного объединения в период до регистрации и после нее может отменить свое решение о выдвижении кандидата в депутаты маслихата, обратившись с соответствующим представлением в окружную избирательную комиссию.

В этих случаях окружная избирательная комиссия не производит регистрацию кандидата либо отменяет решение о регистрации кандидата.

Если снятие кандидатуры или отмена решения о выдвижении кандидата были произведены без вынуждающих к тому обстоятельств, окружная избирательная комиссия вправе отнести на счет кандидата либо соответственно выдвинувшего его общественного объединения часть понесенных из средств республиканского бюджета расходов на проведение избирательной кампании (ст. 105).

Выдвижение кандидатов в депутаты маслихата вместо выбывших после окончания срока регистрации

В случае, если в результате выбытия кандидатов после окончания срока регистрации по соответствующему избирательному округу их остается менее двух кандидатов в депутаты маслихата, то окружная избирательная комиссия направляет в территориальную избирательную комиссию представление окружной избирательной комиссии о продлении срока выборов. В этом случае выдвижение кандидатов в депутаты маслихата осуществляется в соответствии с правилами, установленными Законом о выборах (ст. 107).

Определение итогов голосования

Результаты выборов по избирательному округу устанавливаются на заседании окружной избирательной комиссии, которое проводится на одном из избирательных участков, определенном окружной избирательной комиссией не позднее десяти дней до дня голосования с опубликованием сведений о месте и времени заседания в средствах массовой информации. Результаты устанавливаются на основании протоколов участковых избирательных комиссий, которые доставляются на данный участок. Составляется протокол, который подписывается председателем и членами окружной комиссии и пересылается в соответствующую территориальную избирательную комиссию не более чем в двухдневный срок со дня выборов.

Копия протокола о результатах выборов по избирательному округу вывешивается в помещении избирательного участка для всеобщего ознакомления и находится в помещении в течение трех дней (п. 8-1 ст. 43).

По желанию лица, присутствующего в соответствии с Законом о выборах при подсчете голосов, ему выдается копия протокола, заверенная подписями председателя и секретаря комиссии и печатью избирательной комиссии (п. 8-1 ст. 43).

Окружная избирательная комиссия не позднее пяти дней со дня голосования составляет и вывешивает в помещении избирательного

участка, на котором проходило ее заседание, для всеобщего ознакомления предварительную сводную ведомость о результатах подсчета голосов на избирательных участках (п. 8-2 ст. 43).

Официальная сводная ведомость составляется на основании полученных протоколов участковых избирательных комиссий о результатах подсчета голосов, подписывается председателем и секретарем окружной избирательной комиссии и вывешивается для всеобщего ознакомления (п. 8-2 ст. 43).

Сообщение об итогах выборов депутатов маслихатов публикуется в местных средствах массовой информации соответствующими избирательными комиссиями не позднее семи дней со дня проведения выборов.

В сообщении соответствующей окружной избирательной комиссии указываются: общее число граждан, включенных в списки избирателей и принявших участие в голосовании; число голосов, поданных за каждого кандидата; число недействительных бюллетеней по избирательным участкам; фамилия, имя, отчество, год рождения, занимаемая должность (занятие), место жительства избранных депутатов маслихатов, а также в зависимости от усмотрения кандидата сведения о его принадлежности к политической партии, национальной принадлежности (п. 4, 5 ст. 44).

Избранным на выборах депутата маслихата считается кандидат за которого проголосовало большее по отношению к другим кандидатам число избирателей, принявших участие в голосовании (п. 2 ст. 111).

Повторные выборы депутатов маслихатов

Повторные выборы проводятся не позднее чем в двухмесячный срок после первоначальных выборов. Избирательные мероприятия, осуществление которых предусмотрено при повторных выборах, проводятся в соответствии с правилами, установленными Законом о выборах. При этом сокращенные сроки избирательных мероприятий определяются территориальной избирательной комиссией.

О проведении повторных выборов сообщается в местных средствах массовой информации (ст. 110).

Обжалование решений избирательной комиссии

Решения и действия (бездействие) избирательной комиссии могут быть обжалованы в вышестоящую избирательную комиссию или в суд в течение десяти дней со дня принятия решения или совершения действия (бездействия), если иные сроки обжалования не установлены Законом о

выборах. По истечении указанных сроков заявление на решение или действия избирательной комиссии рассмотрению не подлежат. Предварительное обращение в вышестоящую избирательную комиссию не является обязательным условием для обращения в суд.

При одновременном рассмотрении заявлений в избирательной комиссии и суде избирательная комиссия приостанавливает рассмотрение заявления до вступления в силу решения суда. Суд извещает избирательную комиссию о поступившем заявлении и вступлении в законную силу решения суда по результатам его рассмотрения.

Заявления граждан и организаций о нарушениях избирательного законодательства рассматриваются избирательными комиссиями в течение пяти дней со дня поступления жалобы, если иное не предусмотрено Законом о выборах.

Жалобы на решения и действия (бездействие) избирательной комиссии и ее членов рассматриваются вышестоящей комиссией в течение трех дней со дня поступления жалобы, если иное не предусмотрено Законом о выборах (ст. 49).

Отказ в регистрации кандидата или отмена решения о регистрации могут быть обжалованы в территориальную избирательную комиссию или в суд в семидневный срок. При этом территориальная избирательная комиссия или суд выносят по жалобе решение в семидневный срок со дня подачи жалобы (п.7 ст. 104).

Ответственность за нарушение законодательства Республики Казахстан о выборах

За нарушение положений избирательного законодательства член избирательной комиссии несет установленную законом уголовную, административную и иную ответственность (ст. 50)¹.

Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан

¹ В Памятке использованы положения статей Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», постановления Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан

ДЛЯ ЗАМЕТОК

ДЛЯ ЗАМЕТОК

Баспаға 11.06.2007 ж. жіберілді.
Қалыбы 60 x 80 $\frac{1}{16}$. Басылымы офсеттік. Қаріп түрі «Таймс».
Шартты баспа табағы 1,39. Есептік баспа табағы 1,8.
Таралымы 25 350 дана. Тапсырыс № 3289.
Астана қаласы, «Жарқын Ко» ЖШС, Абай даңғылы 121 А.

Подписано к печати 11.06.2007 г.
Формат 60 x 80 $\frac{1}{16}$. Печать офсетная. Шрифт «Таймс».
Усл. печ. листов - 1,39. Учетно-издательских листов 1,8.
Тираж 25 350 экз. Заказ № 3289.
г. Астана, ТОО «Жарқын Ко», пр. Абая 121 А.